

**Мемлекет және бизнес: жылдам тамақтандыру саласының әлемдік үздігі McDonald's компаниясы қала әкімдігінің еріктілерін тегін тамақпен қамтамасыз ететін болады.**

7 маусымда Астанада Астана қалалық әкімдігі мен McDonald's Қазақстан арасында біріккен ынтымақтастық туралы меморандумға ресми қол қою рәсімі өтеді.

ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі кезінде McDonald's жылдам тамақтандыру саласындағы ірі мейрамханалар желісі Астана қалалық әкімдігінің 1500 еріктісіне тегін түскі ас ұсыну бойынша ресми серіктес болып таңдалды.

Меморандумға қол қою шарасына Астана қаласы әкімінің орынбасары Бектурова Малика Ерланқызы және McDonald's Қазақстан компаниясының бас директоры Кутлин Ленар Наримович қатысады.

Қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуде мемлекеттік басқару органдары мен кәсіпкерлердің тығыз байланысы болмаса еліміздің алдына қойылған стратегиялық мақсаттарға жету мүмкін емес. Бұл серіктестік екі тараптың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болатын ортақ мәселені шешуде бірігіп жұмыс істей алатындығын көрсетеді.

Астана қалалық жастар саясаты мәселері басқармасы" ММ-нің үндеуіне бей-жай қарамай, көрменің жұмыстарына белсене ат салысып жатқан 1500 еріктіні айрықша атап өту керек. Әрбір ерікті еліміз үшін маңызды шара кезінде өз жауапкершілігі мен қосатын үлесін жақсы түсінеді.

McDonald's әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде қоғам өміріне белсене араласып, өз міндетіне өте үлкен жауапкершілікпен қарайды. Компания өз қызмет ететін қоғам өмірін жақсартуға көмектеседі, қайырымдылық қорларына қолдау көрсетіп, әлемді жақсарту үшін өзінің барлық ресурстары мен мүмкіндіктерін барынша пайдаланады

***Қазақстандағы McDonald's® баспасөз қызметі***